

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**Арнайы мектептердің логопедтеріне арналған
«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін дамыту
бойынша жұмысқа заманауи тәсілдер»
педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ, 2023

1. Жалпы ережелер

1. Арнайы мектептердің логопедтеріне арналған «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмысқа заманауи тәсілдер» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектептің білім беру ұйымдарының логопедтерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама ұзартылған мультипликативті әсерге есептелген, өйткені ол *әлеуметтік-педагогикалық модельге* негізделген арнайы мектепте сөйлеу қабілеті нашар балаларға логопедтік көмек пен психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелерінде логопедтердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыруға бағытталған.

3. ББ өзектілігі контент пен ұйымдастырушылық-әдістемелік компоненттердің ересектерге білім берудегі негізгі әлемдік трендтерге сәйкестігі арқылы жүзеге асырылады, атап айтқанда:

1) білім алушылардың кәсіби қажеттіліктері мен оқыту стильдерінің әртүрлілігін ескере отырып, оқудағы студенттік-орталықтандырылған және тәжірибеге бағдарланған тәсілдер - элективті курстар мен тақырыптар арқылы, интерактивті әдістерді түрлендіру, жоғары мектеп оқытушылары мен педагог-практиктердің кең құрамын тарту, «эмоциялық интеллект» және «stress-менеджмент» технологиялары негізінде кәсіби және эмоционалдық шаршаудың алдын алу үшін кәсіби өзін-өзі рефлексияны қосу;

2) "flipped learning" (төңкерілген оқыту) ұйымдастырушылық әдісін қолдану, онда сабақтың дәстүрлі құрылымы өзгереді және тыңдаушылар сабаққа дейін оқу материалын оқиды, ал сабақтарда оқытушының жетекшілігімен практикалық тапсырмаларға, пікірталастарға және міндеттерді шешуге назар аударылады;

3) тыңдаушылар жауаптарды іздеуге, стратегияларды әзірлеуге және жағдайларды талдауға белсенді қатысатын, сыни және стратегиялық ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін нақты немесе ойдан шығарылған мәселелерді шешу процесінде білім алушылардың дербес кәсіби ойлауын дамыту үшін "Problem learning" және "Case study" (проблемалық-бағдарланған оқыту) қолдану;

4) пәнді неғұрлым толық түсіну үшін ғылымның әртүрлі салаларынан және өмір салаларынан білімді интеграциялау арқылы мазмұнның икемділігі мен модульділігі: арнайы-педагогикалық ғылымдармен қатар курстық мазмұнның көздері балалар неврологиясы, нейропсихология, эрготерапия болды;

5) жасанды зияткерлік технологиялары мен нейрондық желілерді қолдана отырып, топтық тапсырмалар мен шағын жобаларды орындау арқылы тыңдаушылардың коммуникациялық дағдыларын, ынтымақтастық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға назар аудару («AI». GPT- chat).

4. Курстың оқу ұзақтығы 9 күнді құрайды, олардың әрқайсысы күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақтан тұрады. Курстық сабақтардың мазмұны мен құрылымы осы Бағдарламаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Бағдарламада және оқу жоспарында берілген.

2. Глоссарий

4. Курстың глоссарийі келесідей негізгі ұғымдарды қамтиды:

1) *арнайы білім беру* - бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға жалпы білім беру және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге көмектесетін бірқатар арнайы білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістері, техникалық құралдар, медициналық, психологиялық, әлеуметтік және басқа да қызметтер;

2) *мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар)* - белгіленген тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

3) *сөйлеу тілі қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар (білім алушылар)* - сөйлеу қабілеті дамуының бұзылуы жүйелі сипатта болатын, сөйлеудің барлық компоненттеріне әсер ететін және танымдық іс-әрекеттің дамуына, оның әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіре отырып, баланың жеке басының қалыптасуына теріс әсер ететін білім алушылар;

4) *ерекше білім беру қажеттіліктері* - бұл ерекше қабілеттерден немесе туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылыстардан, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларынан туындайтын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік;

5) *білім алуға арналған арнайы жағдайлар* - оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, сондай-ақ онсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар;

6) *арнайы мектеп (мектеп-интернат)* бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға және тәрбиелеуге арналған оқу мекемесі. Қазіргі таңда ҚР бойынша 99 арнайы мектеп жұмыс істейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқытуға арналған білім беру ұйымдары білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді;

7) *психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті* - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен топтық және жеке сабақтарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, педагогтар мен ата-аналарға консультация беру үшін мамандармен жабдықталған үй-жай (сынып бөлмесі);

8) *қашықтықтан оқыту* - педагог пен білім алушылардың қашықтықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

9) *арнайы оқу бағдарламалары* - жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленетін және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталған, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын білім

алушылар мен тәрбиеленушілердің психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескеретін бағдарламалар;

10) *психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация* - балаларды зерттеп-қарауды және оларға консультация беруді, білім алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері мен арнайы жағдайларды бағалауды, білім беру бағдарламасын айқындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберетін білім беру ұйымы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

6. Бағдарламаның тақырыбы мен мазмұны САБ бар баланың сөйлеуін дамыту жөніндегі қызметті жоспарлаудың жаңа антропоцентристік тәсілін әзірлеуге және енгізуге байланысты бірегей болып табылады, онда дәстүрлі, блоктық-модульдік, лексикалық топтар бойынша жоспарлаудан айырмашылығы, үш шоғырланым бойынша үздіксіз прогрессивті қозғалыс ұйымдастырылады: «Мен баламын (менің қажеттіліктерім мен сезімдерім)» шоғырланымнан «Бала және оның жақын әлемі» шоғырланымна, ал одан – «Бала және үлкен әлем» шоғырланымна;

7. Тілді оқытудағы антропоцентристік тәсіл бүгінгі таңда ең тиімді болып табылады, өйткені ол баланың тікелей қажеттіліктері мен мүдделерін ескереді, бұл білім берудің ізгіліктік парадигмасы жағдайында өте маңызды, арнайы мектептердің логопедтеріне арналған курстық мазмұн осы тәсіл аясында алғаш рет ұйымдастырылған және ұсынылған;

8. Бұл бағдарлама мазмұнының жүйелік қалыптастырушы тақырыбы «САБ бар балаларға қатысты оқу-тәрбие процесін оңтайландыру стратегиясы: сөйлеуді дамыту бойынша логопедиялық жұмыстағы антропоцентристік тәсіл» тақырыбы болып табылады, ол мыналарды болжайды:

1) баланың логопедпен ынтымақтастық түрлерін енгізу есебінен оқытуды диалогтау;

2) баланы өзекті танымдық немесе өмірлік-тұрмыстық міндеттерді шешу процесінде сөйлеу дағдыларын игеру жөніндегі қызметке тартуды көздейтін оқытудың интерактивті форматы;

3) баланың сөйлеу қызметін ұйымдастыру кезінде ұлттық-өңірлік компонент пен билингвизм факторын есепке алу.

9. Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесідей тақырыптарды қамтиды:

1) 1-тақырып. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың тұжырымдамасы, саясаты, әдіснамасы және заңнамалық базасы;

2) 2-тақырып. ҚР-да логопедтің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

3) 3-тақырып. Сөйлеу тілі қабілетінің ауыр бұзылыстары бар оқушылар топтарының сипаттамасы;

4) 4-тақырып. Мектеп жасындағы САБ бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері;

5) 5-тақырып. Мінез-құлқының бұзылыстары, зияткерлік, сенсорлық және қозғалыс бұзылыстары бар балалардың сөйлеу қабілетінің даму ерекшеліктері;

6) 6-тақырып. САБ бар балаларға қатысты оқу-тәрбие процесін оңтайландыру стратегиясы: сөйлеуді дамыту бойынша логопедиялық жұмыстағы антропоцентристік тәсіл;

7) 7-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, САБ бар білім алушылар үшін қауіпсіз дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыру;

8) 8-тақырып. Логопедтің пәндерді бейімдеу стратегиясын жүзеге асыруға қатысуы. САБ бар білім алушыларға арналған үлгілік және жұмыс арнайы оқу бағдарламалары;

9) 9-тақырып. Сөйлеу функциялары мен жақтарын дамытудың тиімді технологиялары;

10) 10-тақырып. «Сөйлеудің дамуындағы кемшіліктерді түзету» бойынша үлгілік және жұмыс бағдарламаларын іске асыру мониторингі. САБ бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

10. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты Педагог қызметкерлер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының және «Педагог» Кәсіптік стандарты талаптарының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығының <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149> тұрғысында «тұтас дамудың әлеуметтік-педагогикалық моделіне» негізделген арнайы мектеп жағдайында сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балаларға логопедтік көмек көрсету және түзету арқылы қолдау мәселелерінде логопедтердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру болып табылады.

11. Бағдарламаның міндеттері:

1) «әлеуметтену», «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу», «түзету арқылы қолдау»; «тәуелсіз өмір дағдылары» ұғымдарын қазіргі заманғы түсіндіру шеңберінде жүйелі *түсініктер* мен негізгі *білімді* қалыптастыру;

2) нормативтік-құқықтық базаны жүйелі талдау процесінде сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балаларды түзету-дамыта оқытудың өзекті міндеттерін *түсінуге* қол жеткізу;

3) кәсіптік қызметтің диагностикалық, дамытушылық, оқыту, консультациялық-әдістемелік және зерттеу бағыттарында – «Арнайы білім беру саласындағы педагог» 08 мамандық карточкасы бойынша «Педагог» кәсіптік стандартының талаптары шеңберінде арнайы білім беру ұйымының логопед-мұғалімінің функционалын толық зерттеуді және *түсінуді* қамтамасыз ету;

4) цифрлық білім беру ресурстарын басқаруды және «жасанды интеллект» - GPT-chat қоса алғанда, инновациялық технологияларды пайдалану арқылы арнайы ұйымдастырылған пәндік-дамытушы ортада логопедиялық процесті зерттеу және жобалау жөніндегі қызмет шеңберінде негізгі *дағдыларды* қалыптастыру;

5) Кәсіби және self-менеджмент технологияларын қолдануда мыналарды тиімді дағдыландыру: SMART-мақсатты тұжырымдау, САБ бар білім алушының ерекше қажеттіліктерін, жеке кәсіби мүдделері мен қажеттіліктерін жүйелі талдау негізінде сөйлеуді дамытудың жеке траекториясын әзірлеу, сөйлеу функциялары мен жақтарын тексеру және түзету;

б) педагогикалық әдеп нормаларын және «Арнайы педагогтің Педагогикалық регламентін» сақтай отырып, коллаборативтік ортада нәтижелі әрекет ету, САБ бар білім алушылар үшін коллаборативтік орта құру және қолдау іскерліктерін бекіту;

7) кәсіби өзін-өзі дамытуға, рефлексияға, қиындықтарды анықтауға және кәсіби және эмоционалды шаршаудың алдын алумен өз қызметін түзетуге («эмоционалды интеллект» және «stress-менеджмент» технологиялары негізінде) бағдарлануды қалыптастыру және бастапқы бекіту.

12. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) МШ балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту философиясы мен әдіснамасын түсіндіреді, отандық нормативтік база тұрғысында ҚР-дағы арнайы білім берудің өзекті міндеттерін анықтап, талдайды;

2) логопед-мұғалімнің құжаттамасын жүргізу тәртібін біледі (командалық бағалау барысында Бақылау хаттамасын\Күнделігін толтыру, Сөйлеу картасы-хаттамасын жүргізу, Логопедтік ұсынымды әзірлеу, оқу бағдарламаларын, түзету-логопедиялық процестің жоспарлары мен технологиялық карталарын ресімдеу);

3) командалық тәсіл тетігін түсінеді және оның негізінде арнайы білім беру процесінде САБ бар білім алушыларға түзету арқылы қолдау көрсететін мамандардың тиімді өзара іс-қимыл процесінде әрбір білім алушының білім беру траекториясын іске асырады;

4) инновациялық педагогикалық технологиялар, АКТ, САБ бар баланың дамуының жалпы және ерекше заңдылықтары мен ерекшеліктеріне сәйкес келетін нейро-желілердің цифрлық ресурсы негізінде өзінің оқу-түзету, логопедиялық және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырады;

5) эмоционалды және әлеуметтік зияткерлікке, көшбасшылық қасиеттерге және өзін-өзі басқаруға ие болады, қоғамның жаһандық сын-қатерлеріне бейімделетін және сөйлеуді түзету технологиялары саласындағы инновациялық идеяларды тарататын зияткерлік көшбасшының әлеуметтік рөлін орындауға дайын болады;

б) логопедтің қызметін Ұлттық біліктілік шеңбері мен Педагогтің кәсіптік стандартының талаптары тұрғысынан бағалауды және өзін-өзі бағалауды қоса алғанда, арнайы білім беру процесінде САБ бар білім алушыларға түзету арқылы қолдау көрсететін мамандардың қызметіне SWOT-талдау жүргізуге бейімділігін көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

13. Бағдарлама мынадай 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік:

14. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 1-тақырып - Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың тұжырымдамасы, саясаты, әдіснамасы және заңнамалық базасы

«Мүмкіндігі шектеулі балалар», «ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» және «мүгедек балалар», «арнайы білім беру» және «инклюзивті білім беру», «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» және «түзету арқылы қолдау», «инклюзивті мектеп» және «инклюзия принципін іске асыратын мектеп» ұғымдарының қазіргі заманғы түсіндірмесі мен арақатынасы; барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамыту процесінің үздіксіздігі, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып: оқушылардың мүмкіндіктерінің әртүрлілігі кедергілер мен проблемалар емес, ресурстар, барлық оқушыларды қолдау, мектептің барлық қызметкерлерін қолдау процесіне қосу, проблемаларды ұжымдық шешу, өзара көмек, белгі қоюдан бас тарту, Қоғамның Орнықты Даму Мақсаттары тұрғысындағы медициналық модельмен салыстырғанда ЕБҚ бар білім алушылардың білім беру процесін ұйымдастыруға әлеуметтік-педагогикалық модельдің (тәсілдің) артықшылықтары, Қазақстан Республикасындағы МШ балаларға білім беруді дамытуға жүйелі көзқарас, ЕБҚ бар адамдарға білім беру бойынша халықаралық және отандық жаһандық құқықтық құжаттар: БҰҰ конвенциялары, ҚР Конституциясы, ҚР Заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы».

2) 2-тақырып - ҚР-дағы логопедтің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

ЕБҚ бар балаларды арнайы оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың нормативтік-құқықтық базасын талдау: «Педагог мәртебесі туралы заң (Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI заңы), «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы. Жаңа редакциясы - 27.06.2022ж. \https://kodeksy-kz.com/ka/ob_obrazovanii.htm), «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 заңы. Жаңа редакциясы - 26.06.2021ж. - https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343; ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығы, ОО-да білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 18.03.08ж. №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы, «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы», «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. №264 өзгертулермен және толықтырулармен), «Сапалы білім беру». «Білімді ұлт» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021 ж. № 726 қаулысы. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, мамандандырылған, арнайы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы), «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 01.22.2016 ж. № 70 бұйрығына өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 193 бұйрығымен), «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 06.04.2020 ж.) № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023ж. № 68 Бұйрығымен енгізілген өзгерістермен, «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы), Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың және үйде оқитын балалардың оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

15. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 3-тақырып - Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушылар топтарының сипаттамасы

ЭЫДҰ жіктемесі бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың үш тобы: дамуында бұзылыстары бар балалар (Disabilities), оқуда (бір немесе одан да көп пәндер), мінез-құлқында қиындықтары және эмоционалдық проблемалары бар балалар (Difficulties), ерекше білім беру қажеттіліктері қолайсыз жағдайларға - әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени жағдайлар байланысты пайда болатын балалар (Disadvantages), САБ бар балалар санаттарының ұсынылған типологиямен арақатынасы, ауруларға және денсаулыққа байланысты проблемалардың Халықаралық статистикалық жіктелуі және кодификациясы, оныншы қайта қарау (МКБ-10) сөйлеу қабілетінің дамуында ерекшеліктері бар адамдарды бейімдеу және оңалту, оларды қоғамдағы тәуелсіз өмірге дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруда бірыңғай әдіснамалық тәсілдерді қамтамасыз ету құралы ретінде, халықаралық жіктемедегі сөйлеу қабілеті бұзылыстарының

атауы: F80. 1 – экспрессивті сөйлеу қабілетінің бұзылысы (сөз мүкістігі); F80.2-рецептивті сөйлеу қабілетінің бұзылысы (сенсорлық мүкістік), F80.3 - эпилепсиямен жүре пайда болған афазия (балалар афазиясы), F80.9 - сөйлеу қабілеті және тілінің дамуының дәлелденбеген бұзылысы (сөйлеудің жалпы дамымауының асқынбаған нұсқасы – СЖД анықталмаған патогенезі), F98.5 кекештену, R47.1 – тілі күрмелу; R49.2 - ринолалия; психологиялық-педагогикалық (Р.Е. Левина) және клиникалық-педагогикалық (Б.М. Гриншпуна және С.С. Ляпидевский) сөйлеу қабілеті бұзылыстарының жіктелуі;

2) 4-тақырып - САБ бар мектеп жасындағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері

САБ бар балалардағы оқу қиындықтарының себептерінің сипаттамасы: жұмыс қабілеттілігінің төмендігі, қызметті ерікті реттеу, жоспарлау және бақылау қиындықтары; ауызша ақпаратты өңдеудегі қиындықтар; көрнекі-кеңістіктік ақпаратты өңдеудегі қиындықтар; есту-сөйлеу жадысы қабілетінің ерекшеліктері, танымдық және сөйлеу белсенділігінің төмендеуі, сөйлеу қабілетінің коммуникациясына мотивация, САБ бар балалардың ақыл-ой қабілетінің бұзылуында, ерікті іс-әрекетте және мінез-құлқында, кез-келген іс-әрекеттің тез сарқылуы мен қанықтылығында, қозғыштықтың жоғарылауында, ашуланшақтықта, қозғалыстың тежелуінде, балалардағы танымдық және эмоционалдық белсенділіктің бұзылуында көрінетін сөйлеу қабілетінің жалпы дамымауының бірқатар неврологиялық және психопатологиялық синдромдармен үйлесуі (гипертензия-гидроцефалиялық, церебрастениялық, қозғалыс бұзылыстарының синдромы).

15. Мазмұндық модуль:

1) 5-тақырып - Мінез-құлқында бұзылыстары, зиятында, сенсорлық және қозғалыс бұзылыстары бар балалардың сөйлеу қабілетін дамыту жөніндегі жұмыстың мазмұны

Этио-патогенетикалық факторды, психо-физикалық даму деңгейін, негізгі (бастапқы) бұзылыстың тереңдігі мен құрылымын, ерікті өзін-өзі реттеудің қалыптасуын және баланың денсаулық жағдайын, аймақтық-ұлттық компонентті және қос тілді ортаның бар/жоқтығын ескере отырып, сөйлеу қабілетінде проблемалары бар балалармен логопедиялық жұмысты жоспарлау; “Өмір сапасы” (Quality of Life) пәнаралық ұғымын (өмір сапасы) адам өмірінің барлық аспектілерінің тиімділігін, оның зияткерлік, мәдени және физикалық дамуын, материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруды, сондай-ақ өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету дәрежесін сипаттайтын ұғым ретінде анықтау. Оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік ретінде арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтау ерекше қабілеттердің, туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылыстардың, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының салдарынан туындайтын ерекше білім беру қажеттіліктері, олардың топтарының сипаттамасы: 1-топ - оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзгертуге, оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы әдістеріне, оқу нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін өзгертуге

қажеттіліктер, 2-топ - техникалық құралдарға, кедергісіз және қауіпсіз ортаға қажеттіліктер, оқу орнын бейімдеу, 3-топ – белгілі бір сала мамандарының көмегіне қажеттіліктер (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) және педагог-ассистенттің сүйемелдеуімен; сөйлеу кемістігі бастапқы болып табылатын баланың сөйлеу қабілетін дамыту жөніндегі жұмыстың мазмұнымен салыстырғанда, сөйлеу кемістігі негізгі (ядролық) жағынан екінші болып табылатын балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері;

2) 6-тақырып - САБ бар балаларға қатысты оқу-тәрбие процесін оңтайландыру стратегиясы: сөйлеу қабілетін дамыту бойынша логопедиялық жұмыстағы антропоцентристік тәсіл

Оңтайландыру мақсатқа жетудің көптеген мүмкін нұсқаларының ішінен ең жақсы нұсқаны таңдауға бағытталған (Ак.Ю.К. Бабанский), педагогикалық жүйенің ЕБҚ қанағаттандыру мақсаттарына сәйкестік дәрежесін анықтау, арнайы білім беру процесінің оңтайлылық критерийін таңдау, логопед-мұғалім САБ бар білім алушыны түзету-педагогикалық қолдау процесінің негізгі тұлғасы ретінде, жүйелі тәсіл оңтайландырудың әдіснамалық негізі ретінде, САБ бар білім алушылардың ЕБҚ қанағаттандыру үшін оқу-тәрбие процесін оңтайландыру стратегиясының негізгі құрамдас бөлігі, САБ бар білім алушылардың сөйлеу режимі жобалау, жоспарлау кезінде біржақтылықтың алдын алудың жалпы талабы ретінде, тәжірибелік іс-шаралар енгізу, нәтижелерді бағалау, педагогикалық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып міндеттерді нақтылау, негізгі, пәнаралық үйлестіруді, мазмұнның ұтымды құрылымын құруды қолдана отырып, мазмұнның оңтайлы нұсқасын таңдау, жалпы білім беру мәселелерін сәтті шешуге мүмкіндік беретін сөйлеу жұмыстарының әдістері мен формаларын таңдау және сонымен бірге әдістерді, құралдар мен формаларды таңдау белгіленген уақытта сөйлеу жұмысы, сөйлеуді түзету және дамыту мәселелерін сәтті шешуге мүмкіндік беретін мектептегі оқу пәндерін оқыту, үлгерімі төмен, барынша дайындалған және барлық басқа да білім алушыларға сараланған және жеке тәсілдерді жүзеге асыру, басқару мен өзін-өзі басқарудың ұтымды үйлесімі, оқытуды біртіндеп өзін-өзі оқытуға, ал тәрбиелеуді өзін-өзі тәрбиелеуге айналдыру, түзету оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін және оларға қол жеткізуге кететін уақыт шығындарын белгіленген оңтайлылық критерийлері бойынша және “шығындар-өнімдер” қатынасында талдау, бір жағынан, оқу-тәрбие\логопедиялық процеске, екінші жағынан - оқушының денсаулығын оңтайландыруға бағыттылық.

3) 7-тақырып - Ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, САБ бар білім алушылар үшін білім беру ортасын ұйымдастыру

САБ бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі), сынып мұғалімінің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, логопедтің оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін бағалау құралдары мен рәсімі, білім беру ортасын талаптарды ескере отырып

ұйымдастыру: педагогтердің әрбір оқушыны олардың мүмкіндіктеріне қарамастан шартсыз қабылдауы, білім беру процесіне қатысушылардың және техникалық персоналдың мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз ету, САБ бар оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу және түзету мақсаттарын анықтау, САБ бар оқушыны мектептен тыс іс-шараларға қосу, оқушыны қолдауда отбасының әлеуетін пайдалану, оқу процесінде ассистивті құрылғылар мен компенсаторлық технологияларды мақсатты пайдалану, оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына оң көзқарасы; жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық табыстылық, оқушының әлеуметтік бейімделуі, мектептің жайлы орта құру жөніндегі жұмысының күтілетін нәтижелері ретінде өзін-өзі оң бағалау, ерекше қажеттіліктердің әрқайсысының іске асырылуын нормативтік, әдістемелік қамтамасыз ету;

16. Технологиялық модуль:

1) 8-тақырып. Сөйлеу функциясын зерттеу технологиялары. Оқыту мен сөйлеуді дамытудың жеке траекториясын әзірлеу алгоритмі: логопедиялық диагностиканың мақсаттары, кезеңдері, принциптері мен әдістері, соның ішінде нейропсихологиялық, сөйлеудің сенсорлық және моторлық функцияларын зерттеу, мотор функцияларын бағалау критерийлері (жалпы моторлық жүктеме, қозғалыстың бөгеліп қалушылығы немесе қимылдағы мазасыздық, шегінушілік, үйлесімсіздік немесе сылбырлық, ауысушылық және т.б.), статикалық, динамикалық және кеңістіктік үйлестіру, қозғалысты ырғақты, темпоралды, сериялық-дәйекті ұйымдастыру, социологиялық әдістер: (сұхбат және сауалнама), сондай-ақ компаративті талдау әдістері, өзара әрекеттесу, рейтинг, өзін-өзі бағалау, портфолио, зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық бағалау арқылы фактілер жинау, САБ бар балалардың жеке сөйлеу ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен тілдік қиындықтарын анықтау, оқушыны «Коммуникативтік-сөйлеу тілін дамыту» бөлімін, «Сөйлеу тілі дамуының бұзылысын түзету» бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын егжей-тегжейлі әзірлей отырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасау тәртібі (ҚР БҒМ 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы).

2) 9-тақырып. Сөйлеу тілі функциялары мен жақтарын дамытудың тиімді технологиялары: САБ бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың тиімді ойын технологиялары: сөйлеу тілінің психологиялық базасын дамыту және дикциялық мәдениетті дамыту технологиялары: сенсорлық-моторлық интеграция, денеге бағытталған терапия, А. Стрельникованың парадоксалды тыныс алу гимнастикасы, «Су-Джок» элементтері – терапия, криотерапия, ақпараттық технологиялар, арт-терапия элементтері (вокал терапиясы, музыкалық аспаптарда ойнау, сурет салудың дәстүрлі емес әдістері, кинезиотерапия, би терапиясы, логоритмика, психогимнастика, ертегі терапиясы, қуыршақ терапиясы, құм терапиясы, күлкі терапиясы, ароматерапия, хромотерапия), жаттау техникасы, модельдеу, балаларды салыстыруға үйрету

технологиясы, мектеп жасындағы балалармен логопедиялық жұмыста инновациялық білім беру технологияларын қолдану (ТРИЗ, Синквейн, зияткерлік картасы, Кластер, ДЖИГСО), сауаттылық пен тілді оқытудың арнайы әдістері: Н. Зайцевтің әдістемесі, Л. Журованың әдістемесі, С. Лысенкованың әдістемесі, А. Оморокованың әдістемесі.

3) 10-тақырып. Логопедтің пәндерді бейімдеу стратегиясын жүзеге асыруға қатысуы. САБ бар білім алушылар үшін үлгілік және жұмыс бағдарламаларын іске асыру мониторингі. САБ бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау: бейімдеп оқытудың қағидаттары мен мақсаттары, САБ бар балалардың оқу материалын меңгеруіне ықпал ететін негізгі стратегиялар, технологиялар мен әдістер (ережелер мен анықтамаларды кванттау, мәтінді білім алушылардың сөйлеу мүмкіндіктеріне бейімдеу, оқу материалын нақтылау), оқуда қиындықтар тудыратын себептерді анықтау: кішігірім қадамдар әдісі, үлкен, әртүрлі анализаторларға және оқушылардың пәндік-практикалық қызметіне сүйену, «алға ұмтылу», САБ бар балалардың әртүрлі мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу мен сабақты жоспарлау ерекшеліктері (сызықтық емес құрылым), оқу қиындықтарын тудыратын себептерді анықтау: кішігірім қадамдар әдісі, үлкен, әртүрлі анализаторларға және оқушылардың пәндік-практикалық қызметіне сүйену, "алға ұмтылу", САБ бар балалардың тең емес мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақ пен сабақты жоспарлау ерекшеліктері (сызықтық емес құрылым), САБ бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау қағидаттары, әдістері, рәсімдері, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу, кері байланыс алу әдістері мен құралдары, рефлексияның әдіс-тәсілдері, мұғалімнің, логопедтің және білім алушылардың қызметіндегі қиындықтарды анықтау және оны түзету, бағдарламаларды құрудың негізгі принциптері: командалық тәсіл, ата-аналарды қосу, жақын даму аймағына бағдар, сақталған функцияларды есепке алу, бағдарламалардың құрылымы, критериалды деңгейлік мақсат қою, мақсаттарды нақтылау, мақсаттарға қол жеткізу мониторингі, бағдарламаларды түзету.

17. Вариативтік модуль:

1) А тақырыбы - САБ бар білім алушылардың қатысуымен оқу мен сабақтарда формативті бағалау;

2) В тақырыбы - Коммуникацияның қосымша және балама әдістері.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

18. Біліктілікті арттыру курстары мынадай режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі - ОТЖ) сәйкес күндізгі оқу. Күндізгі курстардың ұзақтығы 72 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу тақырыптары мен түрлері өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес және оқытудың үш кезеңін қарастыратын аралас оқыту: күндізгі – 16 сағат,

қашықтықтан - 8 сағат, дербес - 48 сағат. Күндізгі оқу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі.

19. Білім беру процесі оқытудың келесідей интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптардағы практикалық жұмыс, топтық тренинг, шеберлік класы, Case study, бірлескен мәселелерді шешу, сонымен қатар вебинар, онлайн форум, онлайн консультация беру және аралас оқыту режимінде курс үшін тыңдаушының өзін-өзі оқытуы.

20. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін тәжірибеге бағдарланған мынадай тапсырмалар қарастырылған: жеке электрондық портфолионы әзірлеу және таныстыру, кейстерді шешу бойынша топтарда кейіннен талқылау және рефлексия жасау; құжаттамамен жұмыс; негізгі мәселелерді талқылау және SWOT-талдау, топтық жұмыс тренингі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

21. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін талдау, жеке оқу бағдарламаларын жасау және бейімдеу үшін үлестірме материалдарды;
- 3) логопед - мұғалімнің құжаттама пакетін;
- 4) үлгілік, бейімделген және жеке бағдарламалардың үлгілерін;
- 5) сауалнама парақтарын, бақылау және өзіндік жұмыс материалдарын қамтиды.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

22. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: формативті бағалау (экспресс-сауалнамалар) - тақырыпты зерттеу фактісі бойынша әр сабақта, модульді игеру фактісі бойынша өзіндік жұмыс, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу жүргізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

23. Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтықтан консультациялар (электрондық почта, ұялы байланыс, әлеуметтік желілерде) онлайн-форумдар, тәжірибе алмасу түрінде біліктілікті арттыру курстары аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде жүзеге асырылады.

24. Педагог курсты аяқтағаннан кейінгі бірінші күнтізбелік жыл ішінде курстың тақырыбы бойынша үш дербес жұмысты, үш жыл ішінде жылына бір рет - білім беру ұйымының басшысы куәландырған кәсіптік даму нәтижелері туралы белгіленген үлгідегі есепті ұсынады.

25. Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі дербес жұмыстарды талдау нәтижелері, педагогтер ұсынған кәсіби даму

нәтижелері туралы есептер бойынша жылына бір рет үш жыл бойы жүргізіледі.

26. Мониторинг нәтижелері бойынша Біліктілікті арттыру бағдарламасын түзету жүзеге асырылады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

27. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1) Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.

2) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы.

3) «Білім туралы» ҚР Заңы (10.06.2020 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4) Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы - ҚР Үкіметінің 06.03.2020ж. № 346 қаулысының редакциясында.

5) Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы - ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020ж. № 169 бұйрығының редакциясында.

6) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

7) ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы - ҚР Білім және ғылым министрінің 18.05.2020ж. № 207 бұйрығының редакциясындағы Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта).

8) ҚР БҒМ 15.04.2020ж. № 145 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының тізбесі.

9) Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы -ҚР БҒМ 17.05.2019ж. № 216 бұйрығының редакциясында.

10) Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі 0-4 сыныптардың мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларына арналған үлгілік оқу бағдарламалары. ҚР БҒМ 2020 жылғы «5» ақпандағы № 51 бұйрығы.

11) Негізгі орта білім беру деңгейіндегі 5-10 сыныптардың мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларына арналған үлгілік оқу бағдарламалары. ҚР БҒМ 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы.

12) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы

бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 2018 жылғы 14 маусымдағы өзгерістермен.

13) ҚР Білім және ғылым министрінің 03.02.2020ж. № 48 «ҚР БҒМ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, орта) - ҚР БҒМ 05.05.2020ж. № 182 бұйрығының редакциясында.

15) Д. Митчелл. Арнайы және инклюзивті білім берудің тиімді педагогикалық технологиялары. Кітаптан тараулар. М.: «Перспектива» МӨҚҰ. - 2011ж. - 138 б. [Электрондық ресурс <https://dogmon.org/devid-mitchell-effektivnie-pedagogicheskie-tehnologii-speciale.html>].

16) Инклюзивті білім беру тәжірибесін жүзеге асырудағы командалық ынтымақтастық стратегиялары. Материалдар жинағы. М.: «Перспектива» МӨҚҰ.- 2012 ж. 115 б.

17) Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2015 ж. [Электрондық ресурс <https://nao.kz/>].

18) Психикалық дамуының кешеуілдеуі бар бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін педагогикалық диагностикалау (ағымдағы бақылау) әдістемесі. Әдістемелік ұсынымдар. Алматы, 2018.- 80 б. [Электрондық ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

19) Руководство по совершенствованию инклюзивной образовательной практики (Ағылшын тілінен аударма). Белград, 2012 [Электрондық ресурс <https://kurs.znate.ru/docs/index-104101.html?page=2>].

20) Қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді негізде мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Әдістемелік ұсынымдар. КЕАҚ, Астана, 2015 ж. [Электрондық ресурс <https://nao.kz/>].

21) И.Г. Елисеева, А.К.Ерсарина. Психолог-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. Алматы. 2019 - 106 б. [Электрондық ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

22) И.Г. Елисеева, О.Ф. Чумакова. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Әдістемелік ұсынымдар. Алматы,- 2015 ж. - 49 б.

23) Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін педагогикалық диагностикалау (ағымдағы бақылау) әдістемесі. Әдістемелік ұсынымдар. Алматы, 2018.

24) А.А. Леонтьев. Язык, речь, речевая деятельность. – М.: Красанд, 2010. 2016б.

25) Л.Н. Ефименкова. Организация и методы коррекционной работы логопеда на школьном логопункте / Л.Н. Ефименкова, Г.Г. Мисаренко. - М.: Просвещение, 2016. - - 240б.

26) Л.А. Мартыненко. Коррекция речевых нарушений у детей 5-6 лет. Программа психолого-логопедических занятий / Л.А. Мартыненко, Л.Д. Постоева. - М.: Речь, Сфера, 2010. - 176 б.22.

28. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1) Қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді негізде мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Әдістемелік ұсынымдар. КЕАҚ, Астана, 2015 ж.

2) А.А. Айдарбекова. Создание социально гуманной среды в организациях общего образования. Алматы, 2015 .

3. Т.В. Ахутина, И.О. Камардина, Н.М. Пылаева. Нейропсихолог в школе. Индивидуальный подход к детям с трудностями обучения в условиях общего образования. М.: В. Секачев.- 2013.-57 б.

4) Н.И. Гуткина. Психологическая готовность к школе. М. Академиялық жоба.- 2000.187 б.

5) И.А. Денисова. Педагогическая диагностика языковых знаний, умений и навыков учащихся начальных классов. Алматы, САТР, 2015

6) Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Әдістемелік ұсынымдар/құраст. А.К.Ерсарина, Г.К. Құдайбергенова, К.Б. Досыбаева, Т.Н. Алмазова. - Алматы 2015

7) З.А. Мовкебаева, И.А. Денисова, И.А. Оралканова, Д.С. Жакупова. Инклюзивное образование. Оқу құралы. Алматы 2013.-200б.

8) З.А. Мовкебаева, И.А. Денисова, И.А. Оралканова, Д.С. Жакупова. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. Алматы 2014.-165 б.

9) Методические аспекты социализации детей с особенностями психофизического развития. П. р. А.Н. Ковалева, Минск. -2009

10) Ребенок с нарушением письма и чтения: образовательная траектория и возможности сопровождения. П\р Г.В.Чиркина. М., 2007.ПБОЮЛ.-145 б.

11) Т.В. Пятница. Логопедия в таблицах, схемах, цифрах / Т.В. Пятница - М.: Феникс, 2015. - 176 б.

12) В.И. Руденко. Логопедия. Практикалық нұсқаулық / В.И. Руденко. - Мәскеу: Наука, 2015. - 288 б.

13) Е.С. Тихонова. Практические упражнения и задания для устранения речевых трудностей у детей с ОНР / Е.С. Тихонова. - М.: АРКТИ, 2014. - 331 б.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмысқа заманауи тәсілдер» білім беру бағдарламасына
1-қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

Сабақтар тақырыбы		Деріс	Практ. сабақ	Тренинг	Шеберлік класы	КПС	Дөңгелек үстел	Портфолионы қорғау	Тест	Барлығы
1. Нормативтік-құқықтық модуль (6 с)										
1.1	Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың тұжырымдамасы, саясаты, әдіснамасы және заңнамалық базасы	4								4
1.2	ҚР-дағы логопедтің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету		2							2
2. Психологиялық-педагогикалық модуль (8 с)										
2.1	Сөйлеу тілі қабілетінің ауыр бұзылысы бар оқушылар топтарының сипаттамасы	2	2							4
2.2	Мектеп жасындағы САБ бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері	2	2							4
3 Мазмұндық модуль (28 с)										
3.1	Мінез-құлқында, зияткерлік, сенсорлық және қозғалысында бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілін дамыту жөніндегі жұмыстың мазмұны	6	6							12
3.2	САБ бар балаларға қатысты оқу-тәрбие процесін оңтайландыру стратегиясы: сөйлеу тілін дамыту бойынша логопедиялық жұмыстағы антропоцентристік тәсіл	4	4							8

3.3	Ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, САБ бар білім алушылар үшін білім беру ортасын ұйымдастыру	2	4		2					8
4.Технологиялық модуль (26 с)										
4.1	Сөйлеу тілінің функциясын зерттеу технологиялары. Сөйлеу тілін дамытудың жеке траекториясын әзірлеу алгоритмі	2	2	2						6
4.2	Сөйлеу тілі функциялары мен жақтарын дамытудың тиімді технологиялары	2	4	2	4					12
4.3	Пәндерді бейімдеп оқытуды жүзеге асыруға логопедтің қатысуы. САБ бар білім алушылар үшін үлгілік және жұмыс бағдарламаларын іске асыру мониторингі. САБ бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау	6		2						8
5. Вариативтік модуль (4 с)										
5.1	САБ бар білім алушылардың қатысуымен оқу мен сабақтардағы формативтік бағалау	2	2							4
5.2	Қосымша және балама коммуникация әдістері									
жиыны		32	28	6	6					72
	Тыңдаушылардың жетістіктерін бағалау							2	2	4
Барлығы:										

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмысқа заманауи тәсілдер» білім беру бағдарламасына
2-қосымша

Аралас оқыту режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

Сабақтар тақырыбы	Күндізгі оқу 16 с.			Қашықтан оқыту 8 с.			Өзін-өзі оқыту 48 с.		Барлығы	
	Дәріс	Практикалық сабақ	Тренинг	Жобаларды қорғау	Вебинар	Онлайн-форум	Онлайн – консультация	Тыңдаушының өз бетінше жұмысы		
1. Нормативтік-құқықтық модуль (6 с)										
1.1	Инклюзивті білім берудің тұжырымдамасы, саясаты, әдістемесі және заңнамалық базасы			4						4
1.2	ҚР-дағы логопедтің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету				2					2
2. Психологиялық-педагогикалық модуль (8 с)										
2.1	Сөйлеу тілі қабілетінің ауыр бұзылыстары бар оқушылар топтарының сипаттамасы			2				2		4
2.2	Мектеп жасындағы САБ бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері			2				2		4
3. Мазмұндық модуль (28 с)										
3.1	Мінез-құлқында, зияткерлік, сенсорлық және қозғалысында бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілін дамыту жөніндегі жұмыстың мазмұны			6			4	2		12
3.2	САБ бар балаларға қатысты оқу-тәрбие процесін оңтайландыру стратегиясы: сөйлеу тілін дамыту бойынша			2			4	2		8

	логопедиялық жұмыстағы антропоцентристік тәсіл								
3.3	Ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, САБ бар білім алушылар үшін білім беру ортасын ұйымдастыру	2	4			2			8
4. Технологиялық модуль (26)									
4.1	Сөйлеу тілінің функциясын зерттеу технологиялары. Сөйлеу тілін дамытудың жеке траекториясын әзірлеу алгоритмі					2		4	6
4.2	Сөйлеу тілінің функциялары мен жақтарын дамытудың тиімді технологиялары	6	4			2			12
4.3	Пәндерді бейімдеп оқытуды жүзеге асыруға логопедтің қатысуы. САБ бар білім алушылар үшін үлгілік және жұмыс бағдарламаларын іске асыру мониторингі. САБ бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау	4				2		2	8
5 Вариативтік модуль (4 ч)									
5.1	САБ бар білім алушылардың қатысуымен оқу мен сабақтардағы формативтік бағалау					2	2		4
5.2	Қосымша және балама коммуникация әдістері								
	Барлығы:	28	10			16	4	14	72
Аттестаттау (4 с)									
	Жетістіктерді бағалау				4				

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.